

Ұстаз – ұлағатты есім

Ұстаз – өмірді өрлеуші, көркейтуші. Ұстаз берген тәрбие өрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ болары анық. «Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің уақытың аялау» - деп француз ойшылы Жан Жак Руссо айтпақшы, ұстаздардың еңбегі ерен. Шәкірт санасына білім нәрін сеуіп, ел болашағының өрендерін тәрбиелеп шығару екінің бірінің қолынан келе де бермейді. Ұстаз мен үшін – жүрек жылуын, мейірім шуағын, адамгершілік ұлылығын біздің бойымызға дарытушы деп білемін. Осындай бар еңбегін ұстаздыққа арнаған мұғалімдеріміздің бірі – Құрманбаева Жанар Қабылкешқызы. Жанар Қабылкешқызы – зерттеуші-педагог, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. 26 жыл «Ақши негізгі орта мектебінде» еңбек етіп келеді. Ол өзіне тән ұстаздық өрнегін таныта білген білімді маман, пәнін жетік білетін педагог ретінде өзін танытты. Педагогикалық жұмысын 1995 жылдан бастады. Мектепте өз бойындағы еңбекқорлығымен, білім беруге деген адалдығымен, жаңашылдығымен, ұйымдастырушылық қабілетімен, жауапкершілігімен ерекшеленеді. Өз ісіне ұқыпты. Оқушылар, ата-аналар, құрбы-құрдастар, ауылдастар арасында беделді. Өріптестеріне, әсіресе, жас мамандарға көмегін аямайды. Мұғалімнің оқытып жатқан шәкірттері үнемі жоғары деңгейден көрініп отырады. 2018 жылы облыстық ғылыми-зерттеу жұмыстарының байқауында Амандық Манара I дәрежелі дипломмен марапатталса, Төлеуова Шұғыла ҚарМУ-дың ректоры Е.Қ.Көбеевтің «Оқу-зерттеу іс-әрекетіндегі белсенділігі үшін» номинациясы бойынша диплом иеленді. Мұғалімі оқу-зерттеу жұмысына жеңімпаз дайындағаны үшін дипломен марапатталды.

Қазақстан Республикасы Кіші ғылым Академиясының 44-ші республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына өз жобасын ұсынғаны үшін Амандық Манара III дәрежелі дипломмен марапатталды.

2019 жылы «Даналық кілті – ғылымда» республикалық ғылыми жоба байқауында 9-сынып оқушысы Жылдыбаева Айдананы қатыстырды. Ол

III дәрежелі дипломмен марапатталды және жетекшісіне «Сертификат» берілді. Облыстық ғылыми жобалар байқауына оқушылары үзбей қатысып, мақтау қағаздарын иеленіп келеді.

Ізденімпаз, талғампаз ұстаз бар шығармашылық әдістемесін, білімін шәкірт жүрегіне білім нәрін себуге арнайды. Мұғалімнің мақалалары «Педагог», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілі және әдебиеті: әдістемесі»



журналдарында жарияланып тұрады. Ғылыми-практикалық конференцияларға да мақалаларын ұсынды. 2019 жылы облыстық «Жаңартылған оқулықтарды сараптау» семинарына қатысып, оқулықтарды сараптау жұмыстарына атсалысты. Халықаралық экология және инженерия Ғылым академиясының конференциясында мастер-класс өткізгені үшін дипломмен марапатталды. Халықаралық экология және инженерия Ғылым академиясының Ахмет Байтұрсынов атындағы төсбелгісін иеленді. «Мақсат» халықаралық әдістемелік журналына «Сындарлы оқыту теориясы» атты мақаласы жарияланды. 2019 жылы Қарағанды облысы әкімінің «Үздік пән педагогы» номинациясының сертификатын иеленді. 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілінен өздік жұмысын ұйымдастыруға арналған көмекші құрал» атты жұмыстың авторы. Астана қаласы «ZIAT» Ғылыми-әдістемелік орталығымен ұйымдастырылған «Менің педагогикалық мамандығым» атты V Халықаралық педагогикалық шеберлік конкурсында «Педагогикалық біліктілікті жетілдіру» номинациясы бойынша II орын иеленді.

Білім жолы – қиын да, қасиетті жол. Бұл жолда тынымсыз еңбек, толассыз ізденістен жалықпайтын жандар ғана нәтижелі табыстарға жете алады. Ұстаздықтан қиын да қызықты мамандық жоқ. Өйткені оның жауапкершілік өлшемі – адам тәрбиелеу. Жанар Қабылкешқызының еңбегі елеусіз қалған жоқ. 2019 жылы Ғылым және білім министрінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Жанар Қабылкешқызы, 50 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз! Қоғам мен адамзат алдындағы өлшеусіз еңбектеріңізді ескере отырып, сізге өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі өрелі жұмыстарыңызға, абыройлы істеріңізге толымды табыс тілейміз. Шығармашылық ізденістер, ғылыми жаңалықтарыңыз арта берсін!

Б.Имашева,

«Ақши негізгі орта мектебінің»
кәсіподақ жетекшісі

